

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

Өткізілген мерзімі: 27.08.2021 ж
Қатысқандар саны: 19

Тақырыбы: «2021– 2022 оқу жылына дайындық»

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының есебі.
2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.
3. 2021 – 2022 жаңа оқу жылдарының жылдық жоспарымен таныстыру.
4. 2021 – 2022 жаңа оқу жылдарына арналған сабак кестесін бекіту.
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының үйымдастырылу барысы туралы есеп берді. Шаралар жазғы жоспарға сәйкес орындалғандығы атап өтілді. Режимдік сәттер реттелімі бойынша үйымдастырылып, санитарлық талаптар сақталды. Топ тәрбиешілері жазғы шынықтыру шараларын үйымдастырып, шара конспектілері ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер К. Базарбекова балабақшаның, топтардың жаңа оқу жылдарына дайындығы туралы талдау жасады. Топтарда заттық дамытушы ортаны әлі де толықтыру қажеттілігі атап өтілді. Білім беру салалары бойынша дидактикалық материалдар жабдықталған, картотекалар жасақталған.

Одан әрі балабақша басшысы 2021 – 2022 жаңа оқу жылдарына арналған жылдық жоспармен таныстыруды. Жылдық жоспарда келесі міндеттер басты назарға алынды:

1. «Үштілдік құзреттілікті басым бағытта алу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін ашу». Балалардың шығармашылық қабілеттерін (театрландырылған қойылымдар, көркем сөз ән), ой- өрістерін және тілдерін үш бағытта дамыту.

2. «Спорттық шаралар мен ойындарға, дene шынықтыру жаттығуларына белсенді қатысуға баланың қызығушылығын дамыту және тәрбиелеу». Балалардың спорттық қимыл- қозғалыс белсенділіктерін қалыптастырып, денсаулықтарын нығайту. салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Осы міндеттерге орай педагогикалық кеңес, семинар, кеңестер және т.б. шаралар жоспарға алынды. Жоспарда қарастырылған шаралар бойынша жауапты тұлғалар белгілені, шараларды өткізу мерзімі жарияланды.

Келесі мәселе - 2021 – 2022 жаңа оқу жылдарына арналған сабак кестесі. Оқы жоспарна сәйкес барлық топтарға сабак кестесі құрылды және бекітілді. Вариативтік компоненттер таңдалып, бекітілді.

Педагогикалық кеңес соңында әр түрлі мәселелер қарастырылып, туындаған сұрақтарға жауап берілді. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының орындалу барысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Топтардың заттық-дамытушы ортасын ұйымдастыру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
3. Балабақшаның 2021 – 2022 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспары және барлық топтардың сабак кестесі бекітілсін.

Төрайым:

Хатшы:



Педагогикалық кеңес

Хаттама№2

Өткізілген мерзімі: 22.11.2021 ж
Қатысқандар саны: 20

Тәқырыбы: «Үштілдік құзреттілікті басым бағытта алу арқылы балалардың шығармашылық қабілетін ашу».

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Бағдарлама мазмұнының жүзеге асуы туралы шолу
3. Баяндама «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту»
4. Практикалық бөлім «Ойнайық, ойлайық, сөйлейік»
5. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

Балабақша әдіскері №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы шолу жасады. Әдіскер К.Базарбекова Топ тәрбиешілері заттық-дамытуши ортаны ұйымдастыруға барынша көңіл бөлді, ойын, кітап, өнер бұрыштары жасақталды. Барлық топта сабак кестесіне сәйкес оқу қызметі ұйымдастырылып отыр.

Одан әрі Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнының жүзеге асу барысы трапалы сөз қозғалды. Барлық топтар білім беру саласы бойынша оқу қызметін ұйымдастыруда жас ерекшеліктеріне сәйкес мақсат-міндеттерді қарастыра біletінін көрсетті. Осы бағдарлама негізінде перспективалық жоспарлар толық жасақталған.

Тәрбиеші Н.Ескендирова_«Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тәқырыбында дайындаған баяндамасымен таныстырыды. Баяндама барысында: «мектепке дейінгі жастағы бала шығармашылығы дегеніміз – сурет, жапсыру жұмысы, ойын, би, бейнелеу қымылдары, дауыс ырғағын салу болып есептеледі. Осы өнер түрлерінде баланың өз белсенділігін дамытуға аса назар аудару керек. Бала шығармашылығын дамыту үшін оларға дағдыны қалыптастыру қажет» деп атап өтті.

Келесі мәселе практикалық бөлімге арналды. «Ойнайық, ойлайық, сөйлейік» деп аталған бөлімде тәрбиешілердің Қатынас білім беру саласына қатысты білімі мен тәжіриbesі талқыла түсті. Балабақшаның педагогикалық қызметінде үштілділікті насиҳаттау, биллингвальды компонентті жүзеге асыру жолдары талданды.

Педагогикалық кеңес соңында әр түрлі мәселелер қарастырылып, кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша шешім қабылданды.

Шешім:

1. №1 педкеңес шешімінің орындалу жайы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
2. Бағдарлама мазмұнының жүзеге асуына барлық тәрбиешілерге жауапкершілік жүктелсін
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы шаралар жалғасын тапсын.
4. №2 педкеңес шешімінің орындалу барысын қадағалау әдіскерге жүктелсін.



Т.А.Тореева

Х.Ескендирова

Педагогикалық кеңес

Хаттама №3

Откізілген мерзімі: 10.01.2022 ж
Катысқандар саны: 19

Тақырыбы: «Спорттық шаралар мен ойындарға, дene шынықтыру жаттығуларына белсенді қатысуға баланың қызығушылығын дамыту және тәрбиелеу».

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Бірінші жарты жылдық мониторинг қорытындысы.
3. Шолу ақпарат «Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары» (презентация)
4. Іскерлік ойын «Педагогикалық жүгіріс»
5. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

Кезекті педагогикалық кеңесте балабақша әдіскері К.Базарбекова №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысын баяндады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жаңалықтарға тоқтала отырып, жаңа стандарт, ұлгілік бағдарламаның жүзеге асу жайы, топтардағы оқу қызметін ұйымдастыруға тәрбиешілердің дайындығы трасында сөз қозғады. Тәрбиешілер перспективалық жоспарлары ұлгілік бағдарлама негізінде құрылып, балабақша ұсынған кесте бойынша оқу қызметі жүйелі жүргізіліп отырғанын атап өтті. Сондай-ақ топтарда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы шаралар ұйымдастырылып отырғанын да сөзге тиек етті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер барлық топта балалардың білім, білік, дағды көрсеткіштері бағаланғанын, осыған орай бірінші жарты жылдық мониторинг қорытындысының шығарылғанын және төмен көрсеткішті балалармен жеке жұмыс жүргізу қажеттігін баса назарға алды.

Одан әрі «Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары» бағытында презентациялық шолу ақпарат берілді. Онда балабақшада салауатты өмір салтын ұйымдастыру шаралары ұсынылды. Тәрбиешілердің еңбегі атап өтілді.

Осыдан кейін «Педагогикалық жүгіріс» атты викториналық эстфета – іскерлік ойын ұйымдастырылды. Тәрбиешілер Денсаулық білім беру саласы бойынша білімдері мен тәжірибелерін ортаға салды.

Педагогикалық кеңес соңында әр түрлі мәселелер қатарында балабақшаның ішкі тәртібі, педагог әдебі мәселелері қарастырылды. Тәрбиешілерді мазалаған сұрақтарға жауаптар берілді.

Шешім:

1. №2 педкеңес шешімі жүйелілікпен орындалып келеді деп есептелсін.
2. Бірінші жарты жылдық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп қабылдансын.
3. Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын насиҳаттау жұмысы жалғасын тапсын.

Тәрайханов М. Гореева

Хатын Абдесекендирова



Хаттама№4

Откізілген мерзімі: 27.05. 2022 ж
Катысқандар саны: 20

Тақырыбы: «2021 – 2022 оку жылының міндеттерінің орындалуы, қорытындысы»

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Қорытынды мониторинг көрсеткіші
3. Әдіскер мен тәрбиешілердің жылдық есебі
4. Жаз мезгілінің сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспарымен таныстыру және бекіту
5. Жазғы оку қызметі кестесін бекіту
6. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

Педагогикалық кеңестің бастапқы кезеңінде әдіскер өткен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу барысы туралы талдау жасады. Мәселен, бірінші жарты жылдық мониторинг қорытындысы бойынша тәмен көрсеткіш берге балалармен жеке жұмыстар ұйымдастырылды. Жас мамандарға балалар іс-әрекетіне жетекшілік жасау және оку қызметін ұйымдастыру бағыты бойынша кеңестер берілді. Сонымен қатар балабақшада салауатты өмір салтын ұйымдастыру жұмысы жоспарлы жүзеге асқандығын атап өтті.

Осы шешім талданғаннан кейін қорытынды мониторинг көрсеткіші жарияланды. Тәрбиешілердің топ бойынша жинақтаған бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг көрсеткіштері салыстырмалы талданды. Балалардың білім, білік деңгейі бойынша жеке жұмыстар жүргізу жалғасын табатыны ескерілді.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскер және тәрбиешілердің жылдық есебі тындалды. Балабақша әдіскер жылдық жоспар бойынша шаралардың дер кезінде орындалғанын мәлімдеді. Топ тәрбиешілері оку қызметі перспективалық жоспарға, сабак кестесіне сай өткізілгендерін, сонымен қоса атаулы мерекелер, байқаулар балалармен және ата-аналармен бірлесе жүргізілгенін атап өтті.

Одан әрі әдіскер баланың жаз мезгіліне арналған сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспарымен таныстырылды. Тәрбиешілермен бірқатар жұмыстар талқыланып, өткізу мерзімі, жауапты тұлғалар белгіленді. Барлық педагог қызметкерлердің он дауыс беруімен жазғы жоспар бекітілді. Сонымен қатар әдіскер жаз мезгіліне арналған сабак кестесін ұсынды. Жазғы оку қызметін жеңіл, ойын формасында өткізу

ұсынылды, оқу қызметінің апталық сағаты қысқартылды, негізінен шығармашылық сала назарға алынды.

Педагогикалық кеңес соңында әр түрлі мәселелер ретінде жыл қортындысы бойынша жақсы көрсеткіш берген тәрбиешілер мадақталды. Алдағы уақытта санат алуға ұмтылу қажеттілігі ескертілді. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде қаралған мәселелерді түйіндей отырып, шешім қабылданды.

Шешім:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалу жаы қанағаттаралық деп танылсын.
2. Қорытынды мониторинг бойынша даму жұмыстары жалғасын тапсын
3. Әдіскер мен тәрбиешілердің жылдық есебі қанағаттарлық деп қабылдансын.
4. Жаз мезгілінің сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспары және жазғы оқу қызметі кестесі бекітілсін.
5. Жаз мезгілінде балалардың өмір қауіпсіздігі шараларын қадағалау әдіскер мен медбикеге жүктелсін.

Төреева

Хатын: Ескендирова

